

Салықтың және (немесе) төлемақылардың есептелген сомасы туралы хабарламалардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 550 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 қыркүйекте № 36985 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағына және 82-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес есептелген мүлік салығының сомасы туралы хабарламаның нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органы есептеген салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомасы туралы хабарламаның нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін есептелген төлем сомасы туралы хабарламаның нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 550
бұйрығына 1 қосымша

Нысан

**Есептелген мүлік салығының сомасы туралы
хабарлама**

20__ жылғы "___" _____

№ _____

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағына және 82-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес _____

(мемлекеттік кірістер органның атауы)

Сізді _____

(тегі, аты, әкесінің аты егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе
(бұдан әрі – тегі, аты, әкесінің аты), мекенжайы)

жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____

бюджетке мүлік салықты төлеудің қажеті туралы хабарлайды:

теңге

Мемлекеттік кірістер органның коды	Бюджеттік сыныптаманың коды	Салық салу объектісінің орналасқан орны	Салық салу объектісі	Салық базасы	Салықтың есептелген сомасы (ТБК – төлем тапсырмасының коды – 911)	Өткен жылдардың балансы ересі (–), асыра (+) төлеу (ТБК – төлем тапсырмасының коды – 911)	Өсімпұл (ТБК – төлем тапсырмасының коды – 912)	Төлеуге барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

_____ үшін (салық кезеңі) Сізге 20__ жылғы 1 қазанға дейін салықтың көрсетілген сомасын төлеу қажет.

Осы хабарламада көрсетілген мерзімінде салықтың көрсетілген сомасын төлемеген жағдайда, салық заңнамада белгіленген мөлшерде өсімпұл есептеледі.

Сіздің мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығыңыз бар.
Мемлекеттік кірістер органның басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі)

Хабарлама салық төлеушіге жіберілді (тапсырылды)

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 550
бұйрығына 2 қосымша

Нысан

**Мемлекеттік кірістер органы есептеген салықтардың және (немесе)
төлемақылардың сомасы туралы хабарлама**

20__ жылғы " __ " __

№ _____

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағына және 82-бабы
1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес _____

(мемлекеттік кірістер органның атауы)

Сізді _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты егер ол жеке басты
куәландыратын құжатта көрсетілсе
(бұдан әрі – тегі, аты, әкесінің аты), толық атауы)

(жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес–сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), мекенжайы)

(салықтың және (немесе) төлемақының атауы)
есептелген сомасы туралы хабарлайды:

теңге

Мемлекет тік кірісте р органны ң коды	Бюджеттік сыныптама а коды	Салық салу объек тісінің орн аласқан ор ны	Салық салу объек тісі	Салық баз асы	Салықтың есептелген сомасы (ТБК – төл ем тапсыр масының коды – 911)	өткен жыл дардың бе ресі (–), ас ыра (+) тө леу (ТБК – төлем тапс ырмасының коды – 911)	Өсімшөл (ТБК– төле м тапсырм асының коды–912)	Төлеуге ба рлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Сіз осы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні
ішінде _____ бюджеттік сыныптама кодына _____

_____ есептелген
сомасын
(салықтың және (немесе) төлемақының атауы)

_____ (мемлекеттік кірістер органның атауы)
БСН _____ № _____
шотына
_____ төлеуіңіз
қажет.

(Қазынашылық басқармасы, банктік сәйкестендіру коды (БСК)
Осы хабарламада көрсетілген мерзімінде салықтың көрсетілген сомасын төлемеген
жағдайда, салық заңнамада белгіленген мөлшерде өсімпұл есептеледі.
Сіздің мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (
әрекетсіздігіне)
жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан
Республикасының
заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығыңыз бар.
Мемлекеттік кірістер органның басшысы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі)
Хабарламаны алдым

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі (болған жағдайда), күні)
Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

_____ (мемлекеттік кірістер органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні)
Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) жөнелтілді

_____ (жөнелту және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 550
бұйрығына 3 қосымша

Нысан

**Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін есептелген төлем
сомасы туралы хабарлама**

20__ жылғы "___" _____

№ _____

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабының 4-тармағына және 82-бабы
1-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес _____

(мемлекеттік кірістер органның атауы)

Сізді _____

(салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты егер ол жеке басты куәландыратын
құжатта

көрсетілсе (бұдан әрі – тегі, аты, әкесінің аты), толық атауы)

(жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес–сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), мекенжайы)
қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақының есептелген сомасы туралы
хабарлайды:

теңге

Экологиял ық және са лықтық ба қылау жас аған мемл екеттік орг анның ата уы	Экологиял ық немесе салықтық бақылау а ктісінің нө мірі және күні	Салық салу объек тісінің орн аласқан ор ны	Салық салу объек тісінің түр і	Салық кез еңі	Ағымдағы жылы есеп телген төл емақы сом асы (ТТК– төлем тапс ырмасыны ң коды– 911)	Өткен жы лдар есепт елген төле мақы сома сы (ТТК– төлем тапс ырмасыны ң коды– 911)	Өсімпұл (ТТК– төле м тапсырм асының коды—912)	Төлеуге ба рлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Сіз осы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні
ішінде 105316 бюджеттік сыныптама кодына қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы

сомасын _____

_____ (мемлекеттік кірістер органның атауы)

БСН _____ № _____

шотына

_____ төлеуіңіз
кажет.

(Қазынашылық басқармасы, банктік сәйкестендіру коды (БСК))

Осы хабарламада көрсетілген мерзімінде салықтың көрсетілген сомасын төлемеген жағдайда, салық заңнамада белгіленген мөлшерде өсімпұл есептеледі.

Сіздің мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік кірістер органына немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағымдануына құқығыңыз бар. Мемлекеттік кірістер органның басшысы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым

_____ (салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі (болған жағдайда), күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

_____ (мемлекеттік кірістер органның лауазымды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні)

Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) жөнелтілді

_____ (жөнелту және (немесе) алу фактісін растайтын құжат)